ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ЖАҢАӨЗЕН

xat.janaozen-gazeti@mail.ru

№31 /2258/ 1 ТАМЫЗ 2025 ЖЫЛ | 1990 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ | ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ



МҰЗ АЙДЫНЫ - балалар игілігіне

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА АНГАР ҮЛГІСІНДЕГІ КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ МҰЗ АЙДЫНЫ КЕШЕНІНІҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ. БҰЛ НЫСАН - МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІ БОЛМАҚ.

Гүлсім МҰРЫНОВА

Салтанатты шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай қатысып, жергілікті тұрғындарды тарихи оқиғамен құттықтады:

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым балаларды спортқа тартуға ерекше көңіл бөліп келеді. Бүгінгі оқиға соның айқын дәлелі. Жаңа мұз кешенінде қысқы спорт түрлерін дамыту мақсатында Санкт-Петербург қаласынан арнайы шақыртумен келген мәнерлеп сырғанаудан спорт шебері Алёна Понкратова тұрақты түрде жаттығу өткізетін болады. Ендігі жерде ата-аналарға, жаттықтырушыларға және спорт ұйымдарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жас спортшыларымыз кәсіби бапкермен бірге жаңа белестерді бағындырып, жарқын жеңістерге жетеді деп сенеміз. Осы мұз айдынында еліміздің көк байрағын желбіреттетін болашақ чемпиондар тәрбиеленіп шықсын деп тілейміз, - деді аймақ басшысы Нұрдәулет Игілікұлы.

Айта кетейік, кешеннің құрылысы 2023 жылы басталып, 2024 жылы аяқталды. Жоба жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылды.

Нысанның жалпы аумағы - 1100 м², оның ішінде 960 м² - мұз аренасы. Айдын бір мезетте 500 адамды қабылдай алады.

Спорт кешенінде ұлдар мен қыздарға арналған жуынатын бөлмелер мен киім ауыстыру орындары, жаттықтырушылар мен медицина қызметкерлеріне арналған кабинеттер және әкімшілік бөлмелер қарастырылған.

Кешеннің екінші қабатында балалар мен жасөспірімдерге арналған заманауи жаттығу залы орналасқан. Мұнда 10-18 жас аралығындағы жас спортшылар кәсіби бапкерлердің жетекшілігімен жаттығады.

Алдағы уақытта кешенде хоккей, мә-нерлеп сырғанау, керлинг, шорт-трек секілді тегін үйірмелер ашылады:

Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА, Жаңаөзен тұрғыны, үш баланың анасы:

«Бұрын мұндай мүмкіндіктер тек үлкен қалаларда ғана болатын. Енді балаларымыз өз туған қаласында қысқы спортпен айналыса алады. Бұл - үлкен мүмкіндік әрі болашаққа салынған инвестиция. Балаларымызды спортқа баулуға барлық жағдай жасалып отыр. Ризашылығым шексіз!»

Берік ЕЛЕУСІНОВ, ата-ана:

«Ұлым хоккейге қатты қызығады. Бұрын мұндай үйірмелер болмағандықтан, басқа спорт түрлеріне қатысатын. Енді шынайы арманына бір қадам жақындай алды. Осындай заманауи кешен үшін жергілікті билікке алғыс айтамыз.

Бұл кешен - Маңғыстау спортындағы жаңа дәуірдің бастауы!

Жас чемпиондарға жол ашық!

ӨҢІР БАСШЫСЫ жастармен кездесті

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2025 ЖЫЛДЫ «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ БАСТАМА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА, ЖАСТАРДЫ ОСЫ САЛАҒА ТАРТУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША БІЛІКТІ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

Соңы 2-бетте. ⇨

Су тазарту нысанының жай-күйі

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ЖАҢАБАЙ АЙМАҒАНБЕТОВ ПЕН БЕКНҰР БӘЛИҰЛЫ ҚАЛАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАРЫНЫҢ БІРІ - СУ ТАЗАРТУ ҒИМАРАТЫНА БАРЫП, ОНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ. ОЛАР ТӘУЛІГІНЕ 34 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТРГЕ ДЕЙІН АУЫЗ СУДЫ ТАЗАРТЫП, ТҰРҒЫНДАРҒА ҮЗДІКСІЗ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРҒАН НЫСАННЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫН БАҚЫЛАП, БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ.

Айта кетейік, Жаңаөзен қаласындағы су тазарту ғимаратының өндірістік алаңы - 9,86 гектарды құрайды. Құрылыс жұмыстары алғаш рет 1996 жылы басталып, 2018 жылы толық аяқталған. Резервуарлардың жалпы сыйымдылығы - 60 000 м³. Бұл көрсеткіштер нысанның қала тұрғындарын тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету қабілетін айқындайды.

Сондай-ақ, нысан аумағында сыйымдылығы 30 000 м³ болатын жер үсті тік болат цилиндрлік су резервуарларының құрылысы биылғы жылдың басында аяқталды. Құрылыс аясында лай суды жинайтын алаң, сорғы стансасы, құбыр желілері және қосымша инфрақұрылымдар салынды. Жаңа резервуарлар іске қосылу арқылы су сапасы мен жүйенің техникалық тұрақтылығы едәуір артты.

Айта кету керек, бұған дейін Жаңаөзен қаласында ауыз су белгілі бір кесте бойынша беріліп келген болатын. Алайда, биылғы жылдан бастап су беру тұрақталып, тұрғындар тәуліктің кез келген уақытында су тұтыну мүмкіндігіне ие болды.

Сапар барысында қала басшылығы нысанның қауіпсіздігіне де баса назар аударды. Күзет қызметін күшейту қажеттігі айтылып, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Дарина АҚБЕРЕН.

ӨҢІР БАСШЫСЫ жастармен кездесті

Басы 1-бетте.

Аймағымызда жұмысшы мамандықтарын дәріптеу мен жастарды еңбекке баулу мақсатында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай өңір жастарымен ашық форматта кездесу өткізді. Жиында жастар өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, әкімге тікелей сауалдарын қоюға мүмкіндік алды. Кездесуге облыс әкімінің орынбасарлары, түрлі салада табысқа жеткен ел азаматтары қатысып, тәжірибелерімен бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар берер кеңестерін айтты.

Олардың саны облыстағы жұмыссыздар санынан әлдеқайда көп. Еңбек етемін деген жанға жұмыс бар. Ештеңеден қорықпай, дұрыс мамандық таңдап, ел игілігі үшін еңбек етіңіздер. Сонда нәтижесі болады, - деді Нұрдәулет Қилыбай.

Кездесуде жастар өз идеялары мен бастамаларын ортаға салып, түрлі әлеуметтік жобаларға қатысуға ниетті екенін білдірді. Әкім олардың ұсыныстарын назарға алып, кейбір бастамаларды қолдауға дайын екенін айтты.

Бүгінде Маңғыстау облысында 14 пен 35

Үш сағатқа жуық созылған басқосуға облыстың әр аймағынан келген 500-ге жуық жас қатысты. Оның ішінде түрлі салада еңбек етіп жүрген мамандар, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері, «Жасыл Ел» еңбек жасағы мен жастар ұйымдарының мүшелері бар. Еркін әрі мазмұнды форматта өткен жүздесуде аймақ басшысы өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, жетістікке жету жолындағы табандылық пен іске адалдықтың маңыздылығын атап өтті.

- Қазіргі таңда жастардың басым бөлігі мұнай саласында жұмыс істеуді қалайды. Бұл салада бос жұмыс орындары шектеулі. Қоғамда үлкен жетістікке жеткен азаматтардың ешқайсысы бірден мұнайдан бастаған жоқ. Барлығы қарапайым қызметтен бастады. Мамандыққа деген адалдық, еңбекқорлық пен төзімділік - кез келген салада жетістікке жетудің басты шарты. Бүгінде біздің өңірге көршілес шетелдерден мыңдаған адам келіп жұмыс істейді.

жас аралығындағы 240 мыңнан аса жас бар. Жастар саясатын жүзеге асыруда өңірде 7 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, 26 кәсіпорында жас мамандар кеңестері құрылған.

Өз тілшіміз.

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚТАН САҚ БОЛАЙЫҚ

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАРДЫҢ МАҚСАТЫ - ЗАҢСЫЗ ЖОЛМЕН БАСҚАЛАРДЫҢ АҚШАСЫ МЕН МҮЛКІН ҰРЛАУ. АЛАЯҚТЫҚТЫҢ БҰЛ ТҮРІ ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТТЕРІН НЕМЕСЕ ОҒАН ҚОСЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРДЫҢ ӘРЕКЕТІНЕН ӘЛЕМДЕ ҚАНШАМА АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНҒА БАТЫП ЖАТЫР. ОҒАН ТОСҚАУЫЛ ЖОҚ, ДЕСЕ ДЕ ОДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ БАР. АЛАЯҚТЫҚ МАТЕРИАЛДЫҚТАН БӨЛЕК МОРАЛЬДЫҚ ШЫҒЫНҒА ДА ҰШЫРАТАДЫ. БҰЛ АЛАЯҚТЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

Сіз кез келген уақытта қандай да бір жолмен онлайн алаяқтықтың құрбанына айналып кетуіңіз мүмкін. Сол себепті, барынша абай болу керек және жеке деректердің қауіпсіздігін бақылап отырған жөн.

Онлайн алаяқтықтың түрі өте көп. Соның ішінде ең көп тарағаны - смартфон арқылы жасалатын қылмыстар. Біз ұялы телефонмен сөйлескенде немесе мәтіндік хабарлама жібергенде интернет алаяқтар бұл ақпаратты тыңдап тұруы мүмкін.

Осылайша, олар аталған деректерге оңай қол жеткізіп алады. Сонымен қатар, смартфонымызға жазып алған күмәнді қосымшалар ұялы телефонда сақталған құпия ақпаратты ұрлап, оны хакерлерге жіберіп отыруы мүмкін. Ал сіз оны білмей де қаласыз.

Осындай жағдайға тап болған кезде интернет алаяқтықтың алдын алып, қорғану жолдары қандай?

• Банктағы шоттарыңызды жиі тексеріп отырыңыз. Егер сіз күмәнді өзгерістерді байқап қалсаңыз, бұл туралы тиісті орындарға тез арада хабар беріңіз.

• Компьютер мен жеке ақпаратты қорғау үшін брандмауэр мен вирусқа қарсы бағдарламалық құралды орнатыңыз және оларды үнемі жаңартып отырыңыз.

• Сілтемеге өтуді меңзейтін хабарламалардан сақ болыңыз. Күмәнді хабарламалардағы сілтемені баспаңыз.

• Әлеуметтік желіңізге немесе электронды поштаңызға келген күдікті хабарламаны дереу толығымен өшіріп тастаңыз.

• Егер сіз абайсызда күмәнді хабарламадағы сілтемені басып қойған болсаңыз, антивирустық бағдарламаны қосып, жүйені

толық тексеріп шығыңыз.

• Сізге келген хабарламаның заңдылығын тексеру үшін компаниямен тікелей байланысыңыз немесе олардың веб мекенжайын енгізу арқылы тексеріңіз. Алайда хабарламада көрсетілген сілтеме арқылы веббетке өтпеңіз.

• Жеке құпия сөздеріңізді қауіпсіз жерде сақтаңыз. Сіздің құпия сөздеріңіз 8 символдан, сандардан және әріптерден құралғаны дұрыс. Әрбір онлайн тіркемелеріңізге әртүрлі құпия сөз пайдаланыңыз. Және оларды қауіпсіз жерге жазып алыңыз.

• Хабарласқан бөгде адамдарға жеке немесе қаржылық деректеріңізді ешқашан айтпаңыз.

• Қорғалмаған, ашық Wi-Fi желісі арқылы өзіңіздің жеке шотыңызға кірмеңіз және сауда жасамаңыз.

• Ұялы телефоныңыздағы банк қосымшаларына, жеке деректерге құпия сөз енгізіп қойыңыз.

Интернет алаяқтық жаһандық мәселеге айналып отыр. Ақпараттық сауаттылықты дамыту және сақтық шараларын қолдану арқылы ғана біз өзімізді және жеке деректерімізді алаяқтардың ықпалынан қорғай аламыз.

Галима ТЛЕЙБЕРГЕНОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының баспасөз қызметі, бас маман.

ЕЛДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА 1 ТАМЫЗДАН 20 ҚАЗАНҒА ДЕЙІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ. БҰЛ АУҚЫМДЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ МЕН ҮКІМЕТТІҢ ШЕШІМІ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ. «САНАҚ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ, ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАМТЫЛМАҚ, МАҚСАТЫ НЕ?» ДЕГЕН СҰРАҚТАРДЫ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ СТАТИСТИКА БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ РЫСКҮЛ МҰСТАФАЕВАҒА ҚОЙДЫҚ.

Рыскүл ханым, білуімізше санақ онлайн және офлайн формада өтеді. Оған кімдер қатысады?

- Ия, ұлттық ауыл шаруашылығы санағы онлайн және офлайн бөліктен тұрады. Онлайн санақ sanaq.gov.kz сайтында 1-31 тамыз аралығында өтеді. Барлық заңды тұлғалар, фермерлер мен шаруа қожалықтары сауалнамадан өз бетінше өтуі керек. Сондай-ақ үй шаруашылықтары да сауалнамаға онлайн қатыса алады. Офлайн санақ 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында жүргізіледі. Интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын аралап шығады.

- Онлайн сауалнама жайында тарқатып айтсаңыз. Платформаны қалай пайдаланамыз? Нақты ненің саны шығарылмақ?

- Санақтың онлайн сауалнамасы 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында жүргізіледі. Бүгінде сайт танысу үшін іске қосылып тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер мен үй шаруашылықтары санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Сайтқа кірген кезде респондент ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы тіркеліп, авторизацидяан өтуі қажет. Сауалнаманың кейбір жолдарында мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент оларды өзгеріссіз қалдыруы немесе жаңартуы мүмкін. Сауалнама аяқталғаннан кейін респонденттің электрондық поштасына санақтан өткені туралы хабарлама келіп түседі. Санақтан онлайн-режимде өтуге ыңғайлы болу үшін жергілікті әкімдіктер мен аумақтық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылатын болады. Өсімдік, мал немесе балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары 2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Онда жер учаскелерінің көлемі, олардың қалай пайдаланылып жатқаны, суару тәсілдері, жердің меншікке немесе жалға алынғаны туралы мәліметтер көрсетілуі керек. Сондай-ақ сауалнамада шаруашылықтағы мал, құс, балық саны, қолданылатын техника, құрал-жабдықтар, қоймалар, сақтау орындары мен басқа да қажетті нысандар туралы ақпарат сұралады. Қатысушылар тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сондай-ақ жұмысшылардың саны мен олардың сипаттамасы жөнінде де мәлімет береді. Егер шаруашылық бірнеше өңірде қызмет жүргізсе, әр өңір бойынша жеке бөлімді толтыру қажет. Бұл парақта жер учаскелерінің, егістік алқаптарының, мал мен құстың нақты орналасқан жері көрсетілуі тиіс. Бақша егетін немесе мал мен құс ұстайтын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Олар үшін 3-ЖҚШ сауалнама парағы қарастырылған. Бұл сауалнамада қандай дақылдар өсірілетіні, қанша мал мен құс ұстайтыны, жайылымдарды қолданатыны, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, сондай-ақ өнімнің сатылатыны немесе жеке тұтынуға пайдаланылатыны туралы мәлімет беріледі. Үй шаруашылықтарына арналған сауалнама 8 бөлімнен және 22 сұрақтан тұрады.

- Санаққа жеке және заңды тұлғалардың барлығы қатысуы керек солай ғой?

- Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы қатысушылардың кең ауқымын қамтиды. Ия шаруашылықпен айналысатын барлық ұйым қатысуға тиіс. Санақ аясында бюро еліміз бойынша шамамен 300 мың ауыл

шаруашылығы ұйымын және 2 млн үй шаруашылығын қамтуды жоспарлап отыр. Барлық ұсынылатын ақпараттың құпиялылығы сақталады, деректер «Мемлекеттік статистика туралы» заңымен қорғалады және салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді. Қызметі мал шаруашылығымен, өсімдік шаруашылығымен және балық шаруашылығымен байланысты барлық заңды тұлға, соның ішінде ЖШС, шаруа және фермер қожалықтары міндетті түрде санаққа қатысуы керек. Сондай-ақ санақ кезеңінде жеке учаскесі, бақшасы бар, өзі үшін дақыл егетін немесе төрт түлік, құс ұстайтындардың барлығын қамту жоспарланған.

- Санақ кезінде қатысушылар тағы қандай мәліметтер беруі керек?

- Ауыл шаруашылығы санағы кезінде заңды тұлғаларға арналған сауалнамаларда жер және егіс алқаптарына, мал басына, ауыл шаруашылығы техникасына және инфрақұрылымға байланысты сұрақтар болады. Сондай-ақ респонденттер өз қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұрақтарға жауап беруі тиіс.Үй шаруашылықтарынан жер көлемі, маусымдық немесе көпжылдық дақылдардың егілуі, мал немесе құс ұстау, жайылымға шығару туралы сұралады.

- Ал офлайн санақ қалай өтпек?

- Офлайн санақ жалпы Қазақстан бойынша 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында жүреді. Санақты уақытша жұмысқа орналасқан интервьюерлер жүргізеді. Олар онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын аралап шығады Санақ персоналы ретінде жұмыссыз азаматтар, студенттер, сондай-ақ конкурстық іріктеуден және арнайы оқытудан өткен барлық ниет білдірушілер тартылады. Барлық интервьюер дала жұмыстары үшін қажетті материалдармен және техникамен, соның ішінде деректерді жинауға арналған планшеттермен қамтамасыз етіледі. Олардың міндеті - үй-үйді аралап, жеке сауалнама жүргізу.

- Ақпаратыңызға рахмет! Санақ жайында Жаңаөзен қаласына басқа да тың ақпараттармен алдағы уақытта бөлісіп отырасыз деген сенімдеміз!

Дайындаған
Айжан НАСЫРОВА.

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН кімдер ала алады?

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ «ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ» 2024 ЖЫЛҒЫ 28 НАУРЫЗДАҒЫ №14/112 ШЕШІМІ НЕГІЗІНДЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жаңаөзен қаласында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға:

Аз қамтылған отбасының жиынтық табысына шекті жол берілетін шығыстар үлесі 3 пайыз мөлшерінде, ал жалғызілікті зейнеткерлер (ерлі-зайыптылар) және барлық топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін 1 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде пайдалы алаңы бір адамға 18 шаршы метрден артық емес мөлшерде, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес аудан нормасы қабылданады.

Тұрғын үй көмегі төлеу сомасы көрсетілетін қызметті алушының жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік корпорацияға және/немесе электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар тізбесі

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

банктік шоты;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек - Кодекстің 120-бабына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай нысандағы төлем.

Атаулы әлеуметтік көмектің түрлері

Отбасының немесе жеке адамның әлеуметтік жағдайына байланысты көмек екі түрге бөлінеді: шартсыз және шартты. Шартсыз ақшалай көмек - жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі. Шартты ақшалай көмек - өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі бар жалғызілікті және жалғыз тұратын аз қамтылған еңбекке қабілетті адамдарға, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларға, оның ішінде бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу және қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысу.

Шартсыз ақшалай көмек келесі тұлғаларға көрсетіледі:

1) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызілікті немесе жалғыз тұратын аз қамтылған адамдарға:

• зейнеткерлік жасқа толуына;

• бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне;

• екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты.

2) Құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі:

• үш жасқа дейінгі балаға;

• мүгедектігі бар балаға;

• бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға;

• бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартсыз ақшалай көмек өтініш берілген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді. Шартты ақшалай көмек жалғызілікті не жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті мүшесі бар табысы аз отбасыларға, оның ішінде бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға, ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда, ай сайынғы немесе біржолғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетіледі. Еңбекке қабілетті мүше үшін белгілі бір жеңілдіктер бар: оған жұмыс табуға, білім алуға немесе өз ісін ашуға көмектеседі. АӘК бойынша тағайындалған сомаға ай сайынғы негізде бір жастан алты жасқа дейінгі әрбір балаға қоса алғанда 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша төлем төленеді. Оның мөлшері 2025 жылы - 5 898 теңгені (3 932* 1,5 АЕК) құрайды.

Кімге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалады?

ҚР-да атаулы әлеуметтік көмекті жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын келесі санаттағы тұлғалар ала алады:

• ҚР азаматтары;

• қандастар;

• босқындар;

• шетелдіктер;

• ҚР-да тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар.

Жан басына шаққандағы орташа табыс - бұл отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі. Кедейлік шегі - ең төмен күнкөріс деңгейінің 70% деңгейінде белгіленген бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы. Өз кезегінде, ең төмен күнкөріс деңгейін өңірлер бөлінісінде тоқсан сайынғы негізде ҚР Ұлттық статистика бюросының органдары есептейді.

Кім әлеуметтік атаулы көмек ала алмайды?

«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексіне сәйкес төмендегілердің әлеуметтік атаулы көмек алуға құқығы жоқ:

• отбасының жан басына шаққандағы орташа кірісінің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен асуы;

• учаскелік комиссияның материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш берушінің бас тартуы;

• адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша дайындалған, учаскелік комиссияның мұқтаждықтың жоқтығы туралы қорытындысы;

• осы Кодекстің 122-бабының 4-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшесінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде бас тартуы;

• алушының кінәсінен бұрын жасалған әлеуметтік келісім шартты бұзу және (немесе) әлеуметтік келісім шартта көзделген міндеттемелерді орындамау - атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қайталап өтініш бергеннің алдындағы алты ай ішінде;

• атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған мәліметтер және (немесе) анық емес құжаттарды олар ұсынылған күннен бастап алты ай ішінде ұсыну негіз болып табылады.

Атаулы әлеуметтік көмек мөлшері. Атаулы әлеуметтік көмектің (АӘК) мөлшері отбасының жан басына шаққандағы табысы мен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінің мөлшері арасындағы айырма түрінде есептеледі. Жан басына шаққандағы орташа табыс - бұл отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі. Кедейлік шегі өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшерінде белгіленген. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған табыстың барлық түрлері ескеріледі, оның ішінде:

• еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыстар;

• «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Кодексінде көрсетілген балаларға және тұлғаларға алимент түріндегі табыс;

• жеке қосалқы шаруашылықтан (мал мен құсты ұстауды, бағбандықты, бағбандықты қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан) түсетін кірістер;

• кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер;

• жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден және сатудан түскен кірістер;

• бағалы қағаздардан түсетін кірістер;

• жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұраға қалдыру түрінде алынған табыс;

• кредитті (микрокредитті) пайдаланудан түскен кірістер);

• өтеусіз алынған ақша түріндегі кірістер;

• ақшалай салымдар мен депозиттер бойынша сыйақылар түріндегі кірістер;

• ақша аударымдары түріндегі кірістер;

• конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борыштық бағалы қағаздар бойынша қоса алғанда ұтыс ойындары бойынша алынған заттай және (немесе) ақшалай түрдегі ұтыстар түріндегі кірістер;

• құрамында 4 және одан да көп балалары бар көпбалалы отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;

• бағдарлама шеңберінде ерікті түрде қоныс аударуға қатысушыларға көшуге (отбасының әрбір мүшесіне) біржолғы төлемді қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан алынған кірістер;

• тұрғын үй заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабуға арналған тұрғын үй сертификаттарының сомасы;

• қаржыландыру көзіне қарамастан интерндерге, магистранттарға, докторанттарға, резидентура тыңдаушыларына және оқу орындарының басқа да тыңдаушыларына төленетін стипендиялар және басқалар.

Жан басына шаққандағы орташа табыс қалай есептеледі?

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін айқындау атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасалған кезде ұсынылған өтініштің және (немесе) Отбасының цифрлық картасының және (немесе) ұйымдардың деректері негізінде алынған мәліметтердің негізінде жүргізіледі. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, үй малын, құсты және жер учаскесін (жер үлесін) кіріс бермейді деп айқындауға құқылы. Атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.Жан басына шаққандағы кіріс атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық кірісті отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен есептеледі.

ЕҢБЕКШІ КӨШІП КЕЛУШІЛЕРГЕ рұқсат беру және ұзарту тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы еңбек нарығының сұранысына сәйкес шетелдік еңбек күшін тарту мәселелерін заңнамалық негізде реттеу - көші-қон саясатының маңызды бағыты болып табылады. Осыған орай, 2022 жылғы 15 сәуірде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №123 бұйрығымен «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидалары» бекітілді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін еңбекші көшіп келуші жұмыс беруші жеке тұлғамен бірлесіп, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы (egov.kz) немесе migration.enbek.kz сайты арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттарды береді. Өтініштер аумақтық ішкі істер органдарымен келісіліп, одан әрі рұқсатты беру немесе ұзарту не беруден немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім өтініш берілген күнді есептемегенде 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданады. Еңбекші көшіп келушіге рұқсат жұмыс беруші жеке тұлғалардың үй шаруашылығында жұмыстар орындау және қызметтер көрсету үшін беріледі.

Рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Шетелдік пен жұмыс беруші қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру туралы өтініш (өтініштің көшірмесі беріледі).

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртек (сканерленгеннен кейін қабылдау күні мен Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы көрсетілген түбіртектің қабылданғаны туралы белгілеп, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

3. Соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат (сканерленгеннен кейінкөрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

4. Шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның, көшіп-қонушының, еңбекші көшіп-қонушының (оның ішінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттен) денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (берілген күні 12 айдан аспайтын 028/Е нысанындағы медициналық анықтама) (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда алғашқы медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және «Бірыңғай сақтандыру дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

6. Жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шартын жасасу ниеті туралы келісім (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

Рұқсатты ұзарту үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Жұмыс беруші мен шетелдік қол қойған еңбекші көшіп келушіге рұқсатты ұзарту туралы өтініш.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төленгені туралы түбіртек (сканерленгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады).

3. Соңғы 12 айда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттарда шұғыл түрде стационарлық жағдайларда алғашқы медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын, қолданылу мерзімі өтініште көрсетілген және «Бірыңғай сақтандыру дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген мерзімнен кем болмайтын жүктелген медициналық сақтандыру (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

5. Жұмыс беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған Қазақстан Республикасында жұмыс берушімен еңбек шарты (сканерленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады).

Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу - көші-қон саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін маңызды тетік. Бұл қызметтің сапалы жүзеге асырылуы елдің ішкі еңбек нарығын тұрақты ұстап тұруға, еңбек қатынастарын заңдастыруға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осы қағидаларды нақты сақтау мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілер мен шетелдік жұмыс күшінің өзара тиімді әрі заңды іс-қимылын қамтамасыз етеді.

«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Халықаралық турнирден ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

2025 ЖЫЛЫ 17-27 ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫНДА ЧЕХИЯНЫҢ ПАРДУБИЦЕ ҚАЛАСЫНДА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.

Аталған жарысқа әлемнің бірнеше елінен мықты спортшылар қатысып, өзара бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша Жаңаөзен қаласының №1 Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары топ жарып, ел мерейін үстем етті.

Рапид түрі бойынша 15 жасқа дейінгі ұлдар арасында Мирас Наурызбай чемпион атанса, 13 жас санатында Абылай Бекишов күміс жүлдені иеленді. Ал классикалық форматта өткен бәсекеде Мирас Наурызбай қола жүлдені жеңіп алды.

Сонымен қатар Чехияда өткен бірнеше зияткерлік ойын түрлерінен де жаңаөзендік спортшылар сәтті өнер көрсетті. Бестемше бойынша өткен Әлем кубогында 13 жасқа дейінгі ұлдар арасында Бекишов Абылай чемпион атанып, алтыннан алқа тақты. Мангала ойынынан ұйымдастырылған халықаралық турнирде Наурызбай Мирас екінші орынды иеленді.

Жас спортшылардың бұл жетістігі - бапкерлері Түгелбай Қуанышов пен Күләш Мәдрешованың кәсіби еңбегінің нәтижесі.

Шам ШЫРАҚ.

ДЕМАЛЫСЫҢ ҚАЛАЙ, БАЛАҚАЙ?

Әне-міне дегенше жаздың екі айы зулап өте шықты. Енді тамыздың ортасы болар-болмастан оқу жылына дайындық басталып кетеді. Баяғыда қыркүйекте мектепке барған бойда «Мен жазды қалай өткіздім?» деген тақырыпқа шығарма жазатынбыз. Оған қоса қанша кітап оқығанымыз туралы есеп беретінбіз. Бұл кәдімгідей әр оқу жылының басында қайталанатын дәстүр болатын. Бірақ 90-шы жылдардың балаларында демалысқа асып бара жатқан таңдау болған жоқ. Өндіріс жұмысшыларының балалары Ақтау, Алматы, Пятигорск немесе Қырымға жазғы лагерге баратын. Қалғандары сол ауыл арасында таңның атысы күннің батысы ойын ойнап жазды өткізетін. Заман солай болды ма, жоқ әлде қолдың қысқалығы ма екен, қазіргідей отбасымен шетелге демалысқа шығу деген ол кезде ешкімнің өңі түгілі түсіне де кіріп шықпайтын. Біздің балалық шағымыздан бері де 20-25 жыл уақыт өтіпті. Ал қазіргі альфа ұрпақ демалысын қалай өткізеді, оларға не қызық, олар уақытты қалай пайдаланады? Осы сұрақтарды әр түрлі жастағы бірнеше балаға қойып көрдік.

Айжан НАСЫРОВА

Айару ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ, 9 жаста:

- Биыл Ақтау қаласында теңіз жағасындағы «Еркемай» лагерінде демалдым. Көптеген достар таптым. Теңіз, бассейнге түстік, аквапаркке, мұражайға, киноға бардық. Былтыр ата-анаммен Түркия елінде демалғанбыз. Барлығы да ұнады. Лагерге барғанның да, отбасыңмен демалғанның да өзіндік ерекшеліктері бар. Енді аз уақыттан сабақ басталады. Мектепті, сыныптас достарымды сағындым. Қазір демалысымда Абайдың қара сөздерін, өлең жинақтарын оқып жүрмін.

Нұржас ТҮСІПХАН, 11 жаста:

- Биыл Алматы қаласындағы лагерде демалдым. Ақтаулық достарыммен бірге бардық. Ойнадық, күлдік, уақытты өте көңілді өткіздік. Жаңа достар таптық. Өткен жылы Ақтау қаласындағы лагерге барған едім. Ақтауда теңіз болса, Алматыда тау бар. Әр қала өзінше әдемі. Бос уақытымда футбол ойнағанды жақсы көремін. Сабақтан тыс футбол үйірмесіне қатысып, жарыстарға шығамын. Жазда ауладағы балалармен доп тебеміз, қалада қыдырамыз, телефонда ойын ойнаймыз, осылай жазғы демалыс өтіп жатыр. Енді сәлден соң мектепке дайындалу керек.

Сағадат ӨТЕГЕН, 7 жаста:

- Мен ата-анаммен, ініммен Катар елінің Доха деген қаласына қыдырып бардым. Өте қатты ұнады. Қала біздің Жаңаөзенге мүлде ұқсамайды. Зәулім үйлер, әдемі ғимараттар, көшеде ағылған көлік. Біздер мұражайға барып, Катар мемлекетінің, Доха қаласының құрылу тарихымен таныстық. Метроға міндік. Ойынсауық орындарын, үлкен сауда дүкендерін араладық. Керемет әсер қалдырды. Өскенде саяхатшы болып, әлемнің түкпір-түкпірін аралағым келеді.

Құралай ҚАЛБАЕВА, 16 жаста

- Мен биылғы жазды есте қаларлықтай етіп өткізгім келді. Себебі келесі жылы 11-сынып оқимын, емтиханға дайындаламын. Тіс дәрігері мамандығын таңдап отырмын. Сол үшін жаздың алғашқы айында ағылшын тілінен, химия, биология пәндерінен курстарға қатыстым. Тест сұрақтарын, оқулықтарды қарадым. Өзім Ақтөбе қаласының тумасымын. Курстарымды аяқтап шілде айында Жаңаөзенге ата-әжеме жазғы демалысқа келдім. Демалысым Ақтау мен Жаңаөзеннің ортасында өтіп жатыр. Теңізге бардым, достарыммен қыдырдым. Бос уақытымды отбасыммен өткізген, ютубтан әр түрлі тақырыптарда подкасттар көрген ұнайды.

Балалардың жазғы демалысы осылай өтіп жатыр екен. Бірі шетел таныса, бірі туған жердің табиғатында демалып жүр. Қуанарлығы, қазір баланы апарып ойнататын да, қыдыртатын да жер көп, таңдау мол. Ақшаң болса болғаны. Содан да шығар бүгінде баланы таңғалдыру өте қиын. Әрине жағдайың келсе балаға бар жақсыны көрсеткен дұрыс. Тек бейбіт заман, денсаулық пен жақсы жағдай жасай алатын әр адамда мүмкіндік болсын.

ЭКОКӨРМЕ

ҚАЛАМЫЗДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН ЕРЕКШЕ ШАРА - ЭКОКӨРМЕ БАЙҚАУЫ ӨТТІ.

«ТАЗА ЖАҢАӨЗЕН»: Суреттер сөйлейді

Байқауға 2-14 жас аралығындағы балалар қатысып, «Таза Жаңаөзен» тақырыбында өздерінің суреттерін ұсынды. Қатысушылар қиялға ерік беріп, табиғатты таза ұстау, оны аялау, қоқыс тастамау, ағаш отырғызу сынды маңызды мәселелерді көркем туындылары арқылы жеткізді.

- Мен өзім дүниеге келген қалам Жаңаөзеннің суретін салдым. Менің суретім «Жер - біздің ортақ үйіміз» деп аталады. Суретте өзімді бейнелеп, қолыма жер шарын ұстап, оған қаламның әдемі жерлерін, әкемнің жұмысын, ағаштарды салдым. Біз табиғатты, жер шарын таза ұстауымыз керек, - дейді қатысушы Инабат Кенбай.

Іс-шара «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Gibrat pro» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтті. Экокөрменің мақсаты - жас ұрпаққа қоршаған ортаны қорғау мен тазалықтың маңызын және де табиғатты аялау керектігін түсіндіру,

оларға экологиялық тәрбие беріп, шығармашылығын шыңдау.

Байқау соңында үздік жұмыстар анықталып, жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ байқауда белсенділік көрсеткені үшін барлық балаға Алғыс хат пен ынталандыру сыйлықтары берілді.

Байқауға «Аспан» бала киімдері мен ойыншықтар дүкені демеушілік көрсеткен. Сонымен қатар, «Мұнайшы» мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашты.

Айлин АСҚАР.

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA
Директор: Гүлмира ӘБІШЕВА.
Қабылдау бөлімі тел./факс: 20-48-34.
office@mangmedia.kz

ЖАҢАӨЗЕН
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г куәлігі берілген.
Редактордың м.а.: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.
Кезекші редактор: Айжан НАСЫРОВА.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.
Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ. Айжан НАСЫРОВА.
Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.
(А) - жариялау ақысы төленген.
Таралымы: 1355 дана.

Газет редакцияда теріліп, беттелді.
«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
тел.: 8 7122 458-660; 586-392.
Тапсырыс нөмірі: 0884.
Газет аптасына 1 рет жұма күні шығады.

• Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
• Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
• Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
• Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.